

ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту  
ұлттық орталығы директорының  
«04» 05.2024 жылғы №646 н/к  
бұйрығына қосымша

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру  
бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізуге  
өтінімдерді ұсыну жөніндегі пайдаланушы  
НҰСҚАУЛЫҒЫ**

**Астана, 2024**

## Мазмұны

Терминология, қысқартулар және белгілер .....	3
1-тарау. Жалпы мәліметтер .....	4
1.1 Қолданылуы.....	4
1.2 Алғышарттар.....	5
2-Тарау. Жұмысқа дайындық .....	6
2.1 ЖББП АЖ авторизация .....	6
3-тарау. Функционалдық мүмкіндіктердің сипаттамасы.....	6
3.1 «Өтінімдерді беру» бөлімі.....	6
3.1.1 Бөлімнің негізгі бетінің сипаттамасы .....	6
3.1.2 «Тізілімге ББ енгізу» түрі бойынша өтінім беру.....	8
3.1.2.1. Жобалық ББ енгізу кезіндегі әрекеттердің сипаттамасы .....	10
3.1.2.2. «Пәндер тізімін жаңарту» батырмасы әрекетінің сипаттамасы.....	12
3.1.2.3. «Жіберу» батырмасы әрекетінің сипаттамасы .....	13
3.1.3 Тізілімге ББ енгізуге жасалған өтінім бетінің сипаттамасы .....	13
3.2 «Білім беру бағдарламалар Тізілімі» бөлімі .....	14

## Терминология, қысқартулар және белгілер

**Авторизация** — белгілі бір адамға немесе адамдар тобына белгілі бір әрекеттерді орындау құқығын беру; сондай-ақ осы әрекеттерді орындау кезінде осы құқықтарды тексеру (растау) процесі.

**Пайдаланушы** — жүйедегі рөліне сәйкес белгілі бір функционалдылық жиынтығымен жүйеде жұмыс істеуге құқығы бар жүйенің пайдаланушысы.

**ЖЖОҚБҰ** — жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы.

**ЖЖОҚБҰ АЖ** — жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының ақпараттық жүйесі.

**ЖББП** – жоғары білім берудің бірыңғай платформасы.

**Тізілім** — жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізілімі.

**ББ** – білім беру бағдарламасы.

**ОН** – оқыту нәтижесі.

**МЖБС** – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары

## **1-тарау. Жалпы мәліметтер**

Тізілімді жүргізу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерімен реттеледі.

Білім беру бағдарламаларын Тізілімге енгізу төрт кезеңде жүргізіледі:

- 1) білім беру ұйымының бағдарламаны Тізілімге енгізу үшін осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес өтінімді (бұдан әрі – өтінім) ұсынуы;
- 2) әкімшінің өтінімді тексеруі және өтінімді пысықтау үшін өтінім берушіге қайта жолдау (ескертілер болған жағдайда);
- 3) сарапшының бағдарламаға сараптама жүргізуі және өтінімді пысықтау үшін өтінім берушіге қайта жолдау (ескертілер болған жағдайда);
- 4) әкімшінің бағдарламаны Тізілімге енгізуі не өтінімді Комиссия шешімінің негізінде кері қайтаруы.

Тізілімге енгізу үшін түскен бағдарламаның сараптамасын 2 (екі) сарапшы қатар жүргізеді. Инновациялық бағдарламаның сараптамасын 3 (үш) сарапшы қатар жүргізеді.

Тізілімге бағдарламаларды енгізу немесе алып тастау жөніндегі өтінімдерді қарау үшін тұрақты жұмыс істейтін Комиссия құрылады.

Өтінім барлық сарапшылардың теріс қорытындысы болған жағдайда ақпараттық жүйеде автоматты түрде қабылданбайды.

Сарапшылардың теріс және оң қорытындыларының саны тең болған жағдайда өтінім сарапшылар тізімінен тәуелсіз сарапшыны тарта отырып қарастырылады.

### **1.1 Қолданылуы**

«Тізілімге ББ енгізу» модулі тізілімге ББ енгізуге өтінім беруге арналған.

Модульдің функционалдық мүмкіндіктері:

- ЖЖОКБҰ Тізілімге ББ енгізуге өтінім жасау және жіберу (ББ және пәндер тізімі ЖЖОКБҰ АЖ беріледі);
- Берілген өтінімдерді қарастыру мәртебесін қадағалау және өтінім мәртебесінің өзгеруі туралы хабарлама алу;
- Әкімші не сарапшылар пысықтауға қайтарған өтінімдерді редакциялау және пысықтаулар ескеріліп, өтінімді қарастыруға қайта жіберу;
- Тізілімге енгізілген ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының төлқұжаттарын көру.

Тізілімге ББ енгізу тәртібі:

1) ЖЖОКБҰ Тізілімге ББ енгізуге өтінімді толтырады және әкімшіге қарастыруға жібереді; Тізілімге ББ енгізу үшін өтінім беруші өтінімді қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде толтырады және әкімшіге қарастыруға жолдайды.

Әкімші өтінім түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде МЖБС, ұлттық біліктілік шеңберіне және (немесе) салалық біліктілік шеңберлеріне, кәсіптік стандарттарға (бар болған жағдайда) сәйкестігіне мәліметтердің толықтығын және өтінімнің толтырылуының дұрыстығын тексеру жүргізеді.

2) Өтінімді қарастыруға жібергеннен кейін әкімші өтінімді өңдеуді жүзеге асырады. Содан кейін ол келесі шешімдерді қабылдай алады:

- *ББ пысықтауға ЖЖОКБҰ қайтару;*

ЖЖОКБҰ бағдарламаны пысықтауды әкімші жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

- *ББ сарапшыларға сараптамаға жіберу;*

- *ББ кері қайтару.*

3) Сарапшылар ББ сараптаманы әкімшіден келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс

күні ішінде жүргізіледі.

Сарапшылар:

- бағдарламаның МЖБС, ұлттық біліктілік шеңберіне және (немесе) салалық біліктілік шеңберлеріне, кәсіптік стандарттарға (олар болған кезде) сәйкестігіне бағалау жүргізеді;
- бағдарлама атауының бағдарлама мазмұнына, көрсетілген білім берудің саласына, дайындық бағытына, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкестігін талдайды;
- өтінімді толтырудың дұрыстығын тексереді;
- қалыптастырушы оқыту нәтижелерімен байланысқан әрбір пән бойынша оқыту нәтижелерінің қол жеткізу дәрежесін анықтайды;
- жаңа қызмет түрлеріне бағытталған инновациялық бағдарламаны, мамандыққа сұраныстың жоғары деңгейін, инновациялық экономиканың дамуын, ел мен өңірдің экономика салаларының басымдылығы қағидатын бағалайды.

Сарапшылар келесі шешімдерді қабылдай алады:

- ББ пысықтауға ЖЖОКБҰ қайтару;

ЖЖОКБҰ сарапшы жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сарапшылардың ескертулеріне сәйкес бағдарламаны пысықтайды

- ББ мақұлдау.

Сарапшы пысықталған өтінімді 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді және келесі шешімдерді қабылдай алады:

- ББ мақұлдау;
- ББ кері қайтару.

4) Сараптамадан кейін әкімші Комиссия шешімі негізінде Тізілімге ББ енгізуге арналған өтінімді түпкілікті өңдеуді жүзеге асырады және келесі шешімдерді қабылдай алады:

- Тізілімге ББ енгізу;
- ББ кері қайтару.

## **1.2 Алғышарттар**

ЖЖОКБҰ Тізілімге ББ енгізуге өтінім беру үшін ЖЖОКБҰ уәкілетті қызметкерлері мынадай шараларды орындауға тиіс:

- Барлық ББ ЖЖОКБҰ АЖ енгізілген және интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖББП берілген;

- ББ оқу жоспарлары ЖЖОКБҰ АЖ енгізілген және интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖББП берілген;

- ЖЖОКБҰ АЖ Тізілімге енгізу үшін берілетін ББ оқу жоспарларына енгізілген барлық пәндер бойынша қысқаша ақпарат көрсетілген.

## 2-Тарау. Жұмысқа дайындық

### 2.1 ЖББП АЖ авторизация

Жүйенің пайдаланушы бөлігінде авторизация жасау үшін ЖББП АЖ сайтына <https://epvo.kz/#/login> сілтеме бойынша өту қажет. Жалпыға қол жетімді бетте жоғарғы оң жақ бұрышындағы «Кіру» батырмасына жүгіну керек. Авторизация бетінде жүйе пайдаланушының логині мен паролін енгізу мүмкіндігі бар авторизация панелін көрсетеді (Сурет 1).

Сурет 1. Авторизация беті

Авторизация кезінде жүйе мыналарды тексереді:

1. Енгізілген логиннің өзектілігі (электрондық пошта мекенжайы);
2. Енгізілген логин мен парольдің дұрыстығы. Логин мен пароль дұрыс енгізілмеген жағдайда, жүйе қате туралы «логин немесе пароль дұрыс емес» хабарламасын көрсетеді және жүйеге кіруге тыйым салады.

Сәтті авторизациядан кейін жүйенің басты беті әдепкі қалпы бойынша көрсетіледі.

## 3-тарау. Функционалдық мүмкіндіктердің сипаттамасы

### 3.1 «Өтінімдерді беру» бөлімі

#### 3.1.1 Бөлімнің негізгі бетінің сипаттамасы

«Білім беру бағдарламалары Тізіліміне өтініштерді беру» модулі қосылған жағдайда, негізгі мәзір тізімінде пайдаланушының рөліне «ББ Тізілімі» модулі қолжетімді болады, оған жүгінген кезде «Өтінімдерді беру» ішкі модулі бар ашылмалы тізім көрсетілуі тиіс. Ішкі модуль атауы бойынша ауысқаннан кейін модульдің негізгі беті көрсетілуі тиіс. Бұл бөлім Тізілімге енгізу үшін құрылған/берілген ЖЖОКБҰ өтінімдерінің тізімін қамтиды. Авторизацияланған пайдаланушы ЖЖОКБҰ қызметкері болып табылатын ЖЖОКБҰ өкілдері үшін аталған ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламалары төмендегі бағандар бойынша қолжетімді болады:

- *Білім беру бағдарламасының атауы* – ЖЖОКБҰ Тізілімге енгізуге берілген тиісті білім беру бағдарламасының атауы;

- *ББ түрі* – өтінімді жасау кезінде көрсетілген ББ тиісті түрі көрсетіледі;

- *Өтінім түрі* – ЖЖОКБҰ берілген өтінім түрінің атауы;

- *Мәртебе* – тиісті өтінімді қарастырудың ағымдағы мәртебесі;

- *Өтінім берілген күн* – өтінім Әкімшіге жіберілген күн. Егер өтінім сақталған, бірақ берілмеген болса, баған бос көрсетіледі.

- *Пысықтаудың аяқталу күні* – сарапшының / Әкімшінің ескертулері бойынша ЖЖОКБҰ пысықтаудың аяқталу күні («Пысықтауға қайтарылды (Әкімші)», «Пысықтауға қайтарылды (сарапшы)» мәртебелері үшін);

Жазбаларды сұрыптау үшін іздеу сүзгісі келесі параметрлер бойынша берілген:

- *Іздеу* — мәтін өрісі. Енгізілген символдар бойынша білім беру

бағдарламаларының атауы бойынша іздеу мүмкіндігі қарастырылған;

- *ББ түрі* – мәндері бар анықтамалық (әдепкі қалпы бойынша – барлығы):

a) *Қолданыстағы ББ*;

b) *Жаңа ББ*;

c) *Инновациялық ББ*;

d) *Барлығы* – осы мәнді таңдағанда, жүйе барлық көрсетілген іздеу параметрлерінің критерийлерін қанағаттандыратын барлық тиісті өтінімдердің тізімін көрсетеді;

- *Өтінім түрі* – өтінім түрлерінің атауларының тізімі (әдепкі қалпы бойынша – барлығы):

a) *Тізілімге ББ енгізу*;

b) *Тізілімде ББ жаңарту*;

c) *Тізілімнен ББ алып тастау*.

d) *Барлығы* – осы мәнді таңдағанда, жүйе барлық түрлер бойынша өтінімдерді көрсетеді.

- *Мәртебе* – бұл өтініш мәртебелерінің тізімін қамтитын анықтамалық. Осы өрістегі мәндер тізімі «Өтінім түрі» өрісіндегі таңдалған мәнге байланысты. «Тізілімге ББ енгізу» мәнін таңдаған жағдайда, осы өрістің тізімінде келесі мәндер қол жетімді болады (әдепкі қалпы бойынша – барлығы):

a) *Сақталған, бірақ жіберілмеген* – сақталған, бірақ Әкімшіге қарастыруға жіберілмеген өтінімдер;

b) *Қарастырылуда* – Әкімшіге қарастыруға жіберілген өтінімдер;

c) *Сараптама* – Сарапшыға сараптамаға жіберілген өтінімдер;

d) *Пысықтауға қайтарылды (Әкімші)* – Әкімші пысықтауға қайтарған өтінімдер;

e) *Пысықтауға қайтарылды (Сарапшы)* – Сарапшылар пысықтауға қайтарған өтінімдер;

f) *Пысықталды* – ЖЖОКБҰ пысықтаған өтінімдер;

g) *Пысықталды (түсіндірулермен)* – ескертулер бойынша ЖЖОКБҰ түсіндірулермен толықтырған және пысықтаған өтінімдер;

h) *Сараптама аяқталды* – сарапшылар растаған және одан әрі шешім қабылдау үшін Әкімшіге жіберілген өтінімдер;

i) *Мақұлданды* – Әкімші растаған және Тізілімге енгізілген өтінімдер;

j) *Кері қайтарылды (Әкімші)* – Әкімші кері қайтарған өтінімдер;

k) *Кері қайтарылды (Сарапшы)* – Сарапшылар кері қайтарған өтінімдер;

l) *Комиссияның шешіміне жіберілді* – сарапшылардың теріс және оң қорытындысы тең болған кезде өтінім сарапшылар тізімінен тәуелсіз сарапшыны тарта отырып қаралады.

m) *Комиссияның шешіміне қайта жіберілді* – тәуелсіз сарапшы қараған және Комиссияның одан әрі шешім қабылдауы үшін Әкімшіге жіберілген өтінімдер.

- *Өтінім берілген күн* – «бастап» және «дейін» күндер кезеңін енгізуге арналған өріс көрсетіледі. Өріс өтінімдерді қарастыруға жіберілген күні бойынша іздеуді жүзеге асырады.

Тізілімге ББ енгізуге өтінімдерді неғұрлым егжей-тегжейлі іздеу үшін қосымша параметрлерді таңдауды қамтамасыз ететін «Кеңейтілген іздеу» опциясы қарастырылған. Осы опцияға белгі қойғанда, жүйе іздеу сүзгісінің қосымша параметрлерінің келесі тізімін кеңейтуі керек:

- *Пәнаралық ББ* – жалауша өрісі. Осы опцияда «Пәнаралық ББ» белгі қойылған кезде жүйе «Дайындық бағыты», «Білім беру бағдарламаларының тобы» өрістерін жасырады;

- *Білім деңгейі* – білім деңгейлерінің тізімі. Осы опциядағы мәнді таңдағанда жүйе таңдалған мәнің кесіндісінде ББ санын көрсетеді;

- *Білім саласы* – білім беру салаларының тізімі. Осы опциядағы мәнді таңдағанда жүйе таңдалған мәнің кесіндісінде ББ санын көрсетеді;

- *Дайындық бағыты* – дайындық бағыттарының тізімі. Осы опциядағы мәнді таңдағанда жүйе таңдалған мәнің кесіндісінде ББ санын көрсетеді;

- *Білім беру бағдарламаларының тобы* – білім беру бағдарламаларының топтарын қамтитын анықтамалық болып табылады. Осы опциядағы мәнді таңдағанда жүйе таңдалған мәннің кесіндісінде ББ санын көрсетеді;

- *Оқыту тілі* – оқу/оқыту тілінің бірнеше таңдауы бар тізім өрісі. Осы опциядағы мәнді таңдағанда жүйе таңдалған мәннің кесіндісінде ББ санын көрсетеді;

- *ББ түрі* – мәндері бар тізімдік өрісі:

- а) *Жобалық ББ* – осы мәнді таңдаған кезде, басқа іздеу өрістеріндегі таңдалған мәндерді ескере отырып, карточкаларында «Жобалық ББ» өрісі белгіленген өтінімдер көрсетіледі;

- б) *Жобалық ББ қатысушылары* – осы мәнді таңдаған кезде, басқа іздеу өрістеріндегі таңдалған мәндерді ескере отырып, карточкаларында «Жобалық ББ қатысушысы» өрісі белгіленген өтінімдер көрсетіледі;

- с) *Барлығы* – осы мәнді таңдаған кезде, басқа іздеу өрістеріндегі таңдалған мәндерді ескере отырып, барлық өтінімдер көрсетіледі.

- *Кадрлардың дайындық бағыты лицензиясына қосымшаның бар болуы* – лицензияға қосымшаның бар болуына арналған тізім (әдепкі қалпы бойынша – барлығы):

- а) *Иә*;

- б) *Жоқ*;

- с) *Барлығы* – осы мәнді таңдаған кезде жүйе лицензияға қосымшасы бар және жоқ барлық өтінімдерді көрсетеді;

- *ББ бойынша кәсіптік стандарт* – кәсіптік стандарттың бар болуына тізімді көрсетеді:

- а) *Жоқ*;

- б) *Иә* - ББ белгілі бір кәсіптік стандарттарға сәйкес болған кезде бекітілген кәсіптік стандарттардың ұсынылған анықтамалығынан таңдау жасау қажет;

- с) *Барлығы* – осы мәнді таңдаған кезде жүйе барлық өтінімдерді көрсетеді;

Жасалған өтінімді көру/редакциялау бетіне өту үшін өтінім жолындағы  батырманы басу қажет.

«Сақталған, бірақ жіберілмеген» мәртебесі бар өтінімдер үшін жүйеден алып тастау мүмкіндігі қарастырылған. Жіберілмеген өтінімді жою үшін жолдың соңындағы  батырманы басу қажет. Жүйе растауды қажет ететін «Сіз жазбаны шынымен жойғыңыз келеді ме? ИӘ / ЖОҚ» хабарламасын көрсетеді. Таңдалған әрекетті растаған жағдайда жүйе таңдалған өтінімді жүйенің деректер базасынан жояды.

**Ескерту:** жіберілмеген өтінімдерді жою мүмкіндігі берілген өтінімді жасаған пайдаланушыға ғана қолжетімді.

### 3.1.2 «Тізілімге ББ енгізу» түрі бойынша өтінім беру

Өтінімнің бұл түрі ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларын Тізілімге енгізуге арналған.

«Білім беру бағдарламалары Тізіліміне өтініштерді беру» модулін «редакциялау» режимінде авторизацияланған пайдаланушының рөліне қосқан жағдайда, сондай-ақ «Тізілімге ББ енгізу» түріндегі өтінімдерді беру құқығы» болған кезде модульдің негізгі бетінде ЖЖОКБҰ таңдалған білім беру бағдарламасын Тізілімге енгізу үшін өтінім беру мүмкіндігі қолжетімді болуы тиіс.

ЖЖОКБҰ Тізілімге ББ енгізуге өтінім жасау үшін «Өтінім беру» батырмасын басу және ашылмалы тізімнен «Тізілімге ББ енгізу» тармағын таңдау қажет.

Осы тармақ бойынша ауысқаннан кейін өтінімді жасау/жіберу беті көрсетіледі.

Өтінім беру бетінде төменде сипатталған жолдар болуы тиіс:

- *Білім саласы* – білім салаларының анықтамалығы;

- *Пәнаралық ББ* – жалауша өрісі. Осы опцияда «Пәнаралық ББ» белгі қойылған кезде жүйе «Дайындық бағыты», «Білім беру бағдарламаларының тобы» өрістерін жасырады;

- *Дайындық бағыты* – дайындық бағыттарының анықтамалығы;

- *Білім беру бағдарламаларының тобы* — білім беру бағдарламаларының топтарын қамтитын анықтамалығы;

- *Білім беру бағдарламасы* – интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖЖОКБҰ АЖ алынған және «дайындық бағыты» өрісінде таңдалған дайындық бағытына және «білім беру бағдарламаларының тобы» өрісінде ББ тобына сәйкес келетін, берілген ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларын қамтитын тізімдік өріс. Бұл өрісте Тізілімге енгізу керек ББ таңдау қажет. «Білім беру бағдарламасы» өрісінде «Тізілімге енгізілмеген» мәртебесі бар ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламалары көрсетіледі.

ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламасының коды мен атауын (шифрде және ББ атауында, қазақ және ағылшын тілдеріне аудармада және т.б. қателер болған кезде) Әкімшінің келісімімен өзгертуге мүмкіндігі бар. Ол үшін ЖЖОКБҰ өкілдері ЖЖОКБҰ АЖ білім беру бағдарламасының коды мен атауы бойынша өзгерістер енгізуі қажет (ЖЖОКБҰ өкілдері үшін өзгерістер ЖББП АЖ-да қол жетімді емес). Енгізілген өзгерістерден кейін «Қарастырылуда», «Пысықталды», «Пысықталды (түсіндірулермен)» өтінім мәртебесі кезінде Әкімші енгізілген өзгерістерді тексереді және осы өзгерістермен келіскен жағдайда «Жаңарту» батырмасын басады. Бұдан әрі жүйе интеграциялық өзара іс-қимыл арқылы ЖЖОКБҰ АЖ-дан алынған ББ шифры мен атауын жаңартады.

**Ескерту:** Өзгертілген деректер өтінімді қарау бетінде Әкімші «Жаңарту» батырмасын басқан жағдайда ғана көрсетіледі;

- *Оқу жоспары* – интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖЖОКБҰ АЖ алынған «Білім беру бағдарламасы» өрісінде таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін оқу жоспарларының атауларынан тұратын тізімдік өріс. Тізімде Тізілім үшін ЖЖОКБҰ АЖ берілген, сондай-ақ бұрын Әкімшіге қарастыруға жіберілмеген оқу жоспарлар ғана көрсетіледі.

- *ББ мақсаты* – толтыру үшін міндетті, үш тілде білім беру бағдарламасының мақсатын енгізуге арналған өріс.

- *ББ түрі* – бұл өрістің мәні интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖЖОКБҰ АЖ-дан беріледі. Берілген ББ үшін ЖЖОКБҰ АЖ-да көрсетілген тиісті мән көрсетіледі. Өтінімді Әкімшіге қарастыруға жіберген кезде осы жолда мәнің болуы міндетті шарт болып табылады.

ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламасының түрін әкімшінің келісімімен өзгертуге мүмкіндігі бар, ол үшін ЖЖОКБҰ өкілдері ЖЖОКБҰ АЖ білім беру бағдарламасының түрі бойынша өзгерістер енгізуі қажет (ЖЖОКБҰ өкілдері үшін өзгерістер ЖББП АЖ-да қолжетімді емес). Енгізілген өзгерістерден кейін «Қарастырылуда», «Пысықталды», «Пысықталды (түсіндірулермен)» өтінім мәртебесі кезінде әкімші енгізілген өзгерістерді тексереді және осы өзгерістермен келіскен жағдайда «Жаңарту» батырмасын басады. Әрі қарай, жүйе интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы бағдарламалық жасақтамадан алынған ББ түрін жаңартады.

**Ескерту:** Өзгертілген деректер өтінімді қарау бетінде әкімші «Жаңарту» батырмасын басқан жағдайда ғана көрсетіледі;

- *ҰБШ бойынша деңгей* – бүтін сандарды қабылдайтын сандық өріс. Толтыру үшін міндетті өріс.

- *СБШ бойынша деңгей* – бүтін сандарды қабылдайтын сандық өріс. Толтыру үшін міндетті өріс.

- *ББ айрықша ерекшеліктері* – бұл өрістің мәні аталған ЖЖОКБҰ АЖ-дан беріледі. Бұл өріс келесі мәндерді қабылдай алады:

а) *Бірлескен ББ* – егер осы мән көрсетілсе, жүйе мәндері ЖЖОКБҰ АЖ берілетін қосымша өрістерді көрсетеді:

- *ЖЖОКБҰ түрі* – бұл өріс «Отандық ЖЖОКБҰ» және «Шетел ЖЖОКБҰ» мәндерін қабылдай алады;

- *ЖЖОКБҰ серіктес* – бұл өрісте ЖЖОКБҰ АЖ берілген ББ үшін көрсетілген тиісті ЖЖОКБҰ атауы көрсетіледі.

б) *Екі дипломдық ББ* – егер осы мән көрсетілсе, жүйе мәндері ЖЖОКБҰ АЖ берілетін қосымша өрістерді көрсетеді:

- *ЖЖОКБҰ түрі* – бұл өріс «Отандық ЖЖОКБҰ» және «Шетел ЖЖОКБҰ» мәндерін қабылдай алады;

- *ЖЖОКБҰ Серіктес* – бұл өрісте ЖЖОКБҰ АЖ берілген ББ үшін көрсетілген тиісті ЖЖОКБҰ атауы көрсетіледі.

с) *Жоқ* – егер берілген ББ «Біріккен ББ» және «Екі дипломдық ББ» болмағанда, осы мән көрсетіледі.

ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктерін Әкімшінің келісімімен өзгертуге мүмкіндігі бар, ол үшін ЖЖОКБҰ өкілдері ЖЖОКБҰ АЖ жүйесінде білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері бойынша өзгерістер енгізуі қажет (ЖЖОКБҰ өкілдері үшін өзгерістер ЖББП АЖ-да қолжетімді емес). Енгізілген өзгерістерден кейін «Қарастырылуда», «Пысықталды», «Пысықталды (түсіндірулермен)» өтінім мәртебесі кезінде әкімші енгізілген өзгерістерді тексереді және осы өзгерістермен келіскен жағдайда «Жаңарту» батырмасын басады. Әрі қарай, жүйе интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы бағдарламалық жасақтамадан алынған ББ-ның айрықша ерекшеліктерін жаңартады.

**Ескерту:** Өзгертілген деректер өтінімді қарау бетінде әкімші «Жаңарту» батырмасын басқан жағдайда ғана көрсетіледі;

- *Берілетін академиялық дәреже* – академиялық дәрежелері бар тізімдік өріс.

- *Оқыту мерзімі* – берілген академиялық дәреже өрісіндегі таңдалған мәнге тәуелді сандық мәнді қамтитын тізім өрісі.

- *Кредиттердің көлемі* – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін кредиттердің жеткілікті санын енгізуге арналған сандық өріс.

- *Оқыту тілі* – бірнеше мәндерді таңдау мүмкіндігі бар тізімдік өріс. Бұл өрісте берілген ББ қандай оқыту тілдерін қамтитынын көрсету қажет.

- *ББ бойынша кәсіптік стандарт* – жалауша өрісі. Өрісте белгі қойылған кезде жүйе тиісті кәсіптік стандартты таңдауға болатын бекіту/жаңарту күні бар кәсіптік стандарттардың анықтамалығын көрсетеді (егер ББ белгілі бір кәсіби стандарт негізінде жасалған болса). Қажет болса, бірнеше кәсіптік стандарттарды таңдауға болады.

- *Ғылыми кеңесте ББ бекіту күні* – бұл өрісте ЖЖОКБҰ Ғылыми кеңесінде ББ бекіту күнін көрсету керек.

- *Кадрлардың дайындық бағыты лицензиясына қосымшаның бар болуы* – жалауша өріс. Өрісте белгі қойылған кезде, жүйе «лицензия нөмірі» қосымша жолын көрсетуі тиіс, онда ЖЖОКБҰ ББ дайындық бағытына берілген лицензияның нөмірін көрсету қажет. Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алу үшін Тізілімге енгізуге ұсынылған ББ Тізілімге жалпы қол жеткізу үшін көрсетусіз енгізіледі.

- *ББ аккредиттеуінің бар болуы* – осы өрістің белгісі ЖЖОКБҰ ББ қолданыстағы аккредиттеудің бар болуын білдіретін жалауша өрісі.

- *Жаңа мамандықтар атласы* – толтыруға міндетті мәтін өрісі. Бұл өріске Жаңа мамандықтар атласы бойынша мамандықтың атауы енгізіледі (бар болса) және **міндетті түрде Атласқа сілтеме көрсетіледі** (гиперсілтеме функциясы арқылы таңдалған кәсіптің атауына сәйкес веб-беттің мекен-жайын байланыстыру қажет). Атласта мамандық болмаған жағдайда мәтін өрісінде «қарастырылмаған» деп көрсетіледі.

- *Өңірлік стандарт* – толтыруға міндетті мәтін өрісі. Бұл өріске Өңірлік стандарттың атауы енгізіледі (бар болса) және **осы стандартқа сілтеме міндетті түрде көрсетіледі**. Өңірлік стандарт болмаған жағдайда мәтін өрісінде «қарастырылмаған» деп көрсетіледі.

### 3.1.2.1. Жобалық ББ енгізу кезіндегі әрекеттердің сипаттамасы

#### а) жобалық ББ негізгі ЖЖОКБҰ-әзірлеуші ретінде Тізілімге енгізу

Жобалық ББ негізгі ЖЖОКБҰ-әзірлеуші ретінде Тізілімге енгізуге өтінім беру үшін «өтінім беру» батырмасын басу және ашылмалы тізімнен «Тізілімге ББ енгізу» тармағын таңдау қажет. Осы тармаққа өткеннен кейін өтінім жасау/беру беті көрсетіледі

Бұл бетте толтыру үшін бұрыннан бар өрістерге қосымша өріс көрсетіледі:

• **Жобалық ББ.** Негізгі әзірлеуші ретінде жобалық ББ тізіліміне енгізуге өтінім беру кезінде осы өрісті атап өткен жөн. Белгі қойылған жағдайда төмендегі өрістер көрсетіледі:

- *Тапсырыс беруші* – берілген ББ тапсырыс берушінің толық атауын енгізуге арналған мәтін жолағы. Міндетті өріс.

- *Бірлескен әзірлеушілер* – қолданыстағы ЖЖОКБҰ тізімін қамтитын бірнеше таңдауы бар тізімдік өріс. Міндетті өріс.

- *ББ ҚР РОӘК ОӘБ бекіту күні* – «Дата» форматындағы жолақ, міндетті өріс. Бұл өріс «Кадрлардың дайындық бағыты лицензиясына қосымшаның бар болуы» өрісінің үстінде көрсетіледі.

#### **б) жобалық ББ әзірлеуші және қатысушы ретінде Тізілімге жобалық ББ енгізу**

Бірлескен әзірлеуші және жобалық ББ қатысушы ретінде тізілімге жобалық ББ енгізуге өтінім беру үшін «өтінім беру» батырмасын басу және ашылмалы тізімнен «Тізілімге ББ енгізу» тармағын таңдау қажет. Осы тармаққа өткеннен кейін өтінім жасау/беру беті көрсетіледі.

Бұл бетте толтыру үшін бұрыннан бар өрістерге қосымша өріс көрсетіледі:

• **Жобалық ББ қатысушы.** Егер сіз жобалық ББ тізілімге оның бірлескен әзірлеушісі немесе қатысушы ретінде енгізуге өтініш берсеңіз, осы өрісті атап өткен керек. Белгі қойылған жағдайда төмендегі өрістер көрсетілуі тиіс:

- *ЖЖОКБҰ-әзірлеуші* – тізілімге енгізілген жобалық ББ бар ЖЖОКБҰ тізімін қамтитын көп таңдаулы тізімдік өріс. Міндетті өріс. Бұл өрісте оның жобалық ББ тізілімге енгізу қажет ЖЖОКБҰ таңдау қажет.

- *Жобалық ББ атауы* – жобалық деп белгіленген («Жобалық ББ» өрісіне белгі қойылған) ЖЖОКБҰ-әзірлеушінің ББ тізімін («ЖЖОКБҰ –әзірлеуші» өрісінен) қамтитын жалғыз таңдауы бар тізімдік өріс. Қажетті ББ таңдау керек. Міндетті өріс.

- *Бірлескен әзірлеушілер* – бұл өрісте әзірлеушінің «ЖЖОКБҰ-әзірлеуші» өрісінде таңдауына сәйкес тиісті ЖЖОКБҰ-әзірлеушілер қарау режимінде көрсетіледі.

- *ББ ҚР РОӘК ОӘБ бекіту күні* – «Дата» форматындағы жолақ, міндетті өріс. Бұл өріс «Ғылыми кеңесте ББ бекіту күні» өрісінің үстінде көрсетіледі.

«Жобалық ББ атауы» өрісінде ББ таңдағаннан кейін «Білім саласы», «Дайындық бағыты», «Білім беру бағдарламаларының тобы», «Білім беру бағдарламасы» өрістерінде таңдалған жобалық ББ сәйкес мәндер редакциялау мүмкіндігінсіз көрсетілетін болады. Тиісінше, қолданыстағы «Білім беру бағдарламасы» өрісінде таңдалған жобалық ББ білім беру бағдарламаларының тобына жататын ББ көрсету қажет.

**«Қалыптасатын оқыту нәтижелері» блогы** – осы блокта оқытудың тиісті нәтижелерін (бұдан әрі – ОН) қосу мүмкіндігі берілген. Білім беру бағдарламасының ОН қосу үшін «Қосу» батырмасын басу керек, содан кейін жүйе ОН сипаттамасын енгізу үшін төмендегі өрістерді көрсетеді:

- *Оқыту нәтижесі* – ОН сипаттамасын үш тілде енгізуге арналған көп жолды мәтін өрісі;

- *Код* – бұл өрісте жүйе құрған ОН коды көрсетіледі (өріс редакциялау үшін бұғатталған).

ОН кодын қалыптастыру кезінде жүйе «ОН» (оқу нәтижелері) аббревиатурасын алады және оған өтінім шеңберінде оқыту нәтижесінің реттік нөмірін қосады. Код ОН сақтаған кезде қалыптасады.

ОН сипаттамасын сақтау үшін жолдың соңындағы «Сақтау» батырмасын басу қажет. «Сақтау» батырмасы пайдаланушы берілген жолдағы барлық қажетті өрістерді толтырғанға дейін таңдау үшін белсенді емес.

Осы блокта қосылған ОН «Пәндер туралы мәліметтер» блогының кестесінде ББ пәндерін қалыптасатын оқыту нәтижелерімен салыстыру үшін көрсетіледі.

Енгізілген ОН редакциялау үшін  белгіше батырмасына жүгіну керек. Осы батырмаға

жүгінген кезде, жүйе енгізілген ОН сипаттамасын редакциялауға мүмкіндік береді.

Қосылған ОН жою үшін,  батырмасын басу керек. Осы белгіше батырмасына жүгінген кезде, жүйе орындалатын әрекетті «Сіз бұл жазбаны шынымен жойғыңыз келе ме? ИӘ / ЖОҚ» хабарламасы түрінде растауды сұрайды. Тандалған әрекетті растаған жағдайда, жүйе енгізілген деректермен бірге берілген жолды жояды. Осы блоктағы жазбаны жойған кезде, төменде сипатталған «Пәндер туралы ақпарат» блогының кестесінен де жойылады.

**«Пәндер туралы мәліметтер» блогы** – бұл блок ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламасының оқу жоспарының «Оқу жоспары» өрісінде берілген пәндердің тізімін келесі параметрлер бойынша кесте түрінде қамтиды:

- *Пән атауы* – интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖЖОКБҰ АЖ алынған білім беру бағдарламасының оқу жоспарындағы тиісті пәннің атауы;
- *Пәннің қысқаша сипаттамасы* – интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖЖОКБҰ АЖ алынған берілген пән туралы қысқаша ақпарат көрсетіледі;
- *Пән циклі* – интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖЖОКБҰ АЖ алынған берілген пән циклі көрсетіледі;
- *Компонент* – интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖЖОКБҰ АЖ алынған берілген пән компоненті көрсетіледі. Төмендегі компоненттерге сәйкес пәндер көрсетіледі:
  - a) *ЖООК* – жоғары оқу орын компоненті;
  - b) *ТБК* – таңдау бойынша компонент.
- *Кредиттер* – интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖЖОКБҰ АЖ алынған берілген пән үшін кредиттер саны көрсетіледі.

«Пәндер туралы мәліметтер» блогында ОН ББ оқу жоспарының пәндерімен байланыстыру қажет.

«Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтары)» бағанындағы кіші бағандар «Қалыптасатын оқыту нәтижелері» блогына енгізілген тәртібінде тиісті ОН коды бойынша аталады. Курсорды кіші бағанның (ОН коды) атауына апарған кезде жүйе ОН сипаттамасы бар хабарламаны көрсетеді. «Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтар)» бағанының әр ұяшығында жазылмаған, әдепкі қалпы бойынша белгіленбеген жалауша өрісі бар. Ұяшыққа қойылған белгі көрсетілген жолға сәйкес келетін ББ пәні тандалған бағанға сәйкес келетін оқыту нәтижесін қалыптастыратындығын білдіреді. Бір пән бірнеше оқыту нәтижелерін қалыптастыра алады, сонымен қатар бір ОН бірнеше пәндерге қатысты болуы мүмкін.

Беттің соңында енгізілген мәндерді сақтайтын «Сақтау» батырмасы бар. Барлық қажетті нышан өрістері толтырылған болса, «сақтау» батырмасы белсенді түрде көрсетіледі. «Сақтау» батырмасына алғаш рет жүгінген кезде, жүйе өтінімге «Сақталған, бірақ жіберілмеген» мәртебесін береді.

«Сақтау» батырмасы «Білім беру бағдарламалары Тізіліміне өтінімдер жіберу» модулі «Редакциялау» режимінде қосылғанда, сондай-ақ өтінім «Сақталды, бірақ жіберілмеді», «Пысықтауға қайтарылды (Әкімші)» немесе «Пысықтауға қайтарылды (Сарапшы)» мәртебесіне ие болғанда көрсетіледі.

**Ескерту:** өтінімді бастапқы сақтағаннан кейін жүйе ЖЖОКБҰ АЖ алынған мәндерді (пәндер тізімін) тіркейді және сақтайды және ЖЖОКБҰ АЖ жағына енгізілген өзгерістер ескеріледі. Өтінімді сақтау алдында ЖЖОКБҰ АЖ алынған ББ оқу жоспарының пәндері туралы мәліметтердің дұрыстығына және толықтығына көз жеткізу қажет.

### 3.1.2.2. «Пәндер тізімін жаңарту» батырмасы әрекетінің сипаттамасы

«Пәндер туралы мәліметтер» блогында қателер және дұрыс емес деректер анықталған жағдайда ЖЖОКБҰ қызметкері ағымдағы ЖЖОКБҰ АЖ деректерге сәйкес пәндер тізімін жаңарта алады. Ол үшін «Пәндер туралы мәліметтер» блогында «Пәндер тізімін жаңарту» батырмасы қолжетімді, ол берілген ЖЖОКБҰ АЖ ағымдағы мәндерге сәйкес оқу жоспарындағы пәндер тізімін жаңартуға мүмкіндік береді. Яғни, егер ЖЖОКБҰ АЖ өңделген мәндерді алу қажет болса, осы әрекетті орындау қажет. Батырма өтінімге «Сақталды, бірақ

жіберілмеді» немесе «Пысықтауға қайтарылды (Әкімші)» немесе «Пысықтауға қайтарылды (Сарапшы)» мәртебесі берілсе қолжетімді болады.

Осы батырманы басқан кезде, жүйе «Назар аударыңыз! Осы әрекетті орындағаннан кейін «Пәндер туралы мәліметтер» блогындағы ББ пәндерінің оқу нәтижелерімен арақатынасының барлық белгілері жойылады. Сіз бұл әрекетті шынымен орындағыңыз келеді ме? Жалғастыру / Болдырмау» ескерту хабарламасын көрсетеді. Әрекетті растағаннан кейін, жүйе:

- ЖЖОКБҰ АЖ алынған деректерге сәйкес берілген білім беру бағдарламасының берілген оқу жоспары пәндерінің тізімін, оның ішінде оқу жоспары пәндерінің қысқаша сипаттамасын жаңартады;

- Пәндердің ОН арақатынасының барлық белгілерін, сондай-ақ сарапшының тексеру нәтижесін жоққа шығарады;

- Таңдау үшін белсенді емес «Пәндер тізімін жаңарту» батырмасын көрсетеді. Батырма бір сақтаудан кейін таңдау үшін қол жетімді болады.

### **3.1.2.3. «Жіберу» батырмасы әрекетінің сипаттамасы**

Өтінімді алғаш сақтағаннан кейін Әкімшіге қарастыру үшін Тізілімге ББ енгізу түрі бойынша өтінімді жіберуге бастамашылық ететін «Жіберу» батырмасы көрсетіледі. «Жіберу» батырмасы:

- «Білім беру бағдарламалары Тізіліміне өтініш беру» модулі «Редакциялау» режимінде қосылғанда;

- Өтінім «Сақталды, бірақ жіберілмеді», «Пысықтауға қайтарылды (Әкімші)» немесе «Пысықтауға қайтарылды (Сарапшы)» мәртебесіне ие болғанда көрсетіледі.

«Пысықтауға қайтарылды (Әкімші)», «Пысықтауға қайтарылды (Сарапшы)» мәртебелері кезінде «Түсіндірмені қосу» өрісіне құсбелгі қою арқылы Әкімшінің/сарапшының ескертулеріне түсіндірме қосу мүмкіндігі көзделген. Пайда болған терезеде түсіндірме мәтінін жазып және енгізілген өзгерістерді «Сақтау» батырмасына жүгіну арқылы сақтауға болады.

«Жіберу» батырмасы өтінім нысанының барлық қажетті өрістері толтырылған жағдайда, таңдау үшін қол жетімді.

«Жіберу» батырмасына жүгінген кезде, жүйе:

- Барлық оқыту нәтижелерінің ББ оқу жоспарының тиісті пәндерімен сәйкестігін тексереді. Егер кем дегенде бір пән тиісті оқу нәтижесімен байланысты болмаса, жүйе «Оқытудың барлық нәтижелерін білім беру бағдарламасының пәндерімен байланыстыру қажет» хабарламасын көрсетеді және өтінімді қарастыруға жібермейді;

- Егер шарт орындалса, растауды талап ететін «Сіз шынымен өтінімді қарастыруға жібергіңіз келеді ме? ИӘ / ЖОҚ» хабарламасы пайда болады.

Таңдалған әрекетті растаған жағдайда, жүйе:

- Өтінімге «Қарастырылуда» мәртебесін береді;

- «Өтінім сәтті жіберілді» хабарламасы көрсетіледі.

Өтінімді қарастыруға жібергеннен кейін, өтінімді редакциялау қол жетімсіз болады.

### **3.1.3 Тізілімге ББ енгізуге жасалған өтінім бетінің сипаттамасы**

Тізілімге ББ енгізу үшін жасалған өтінімнің бетіне өткеннен кейін, өтінім беру бетіне ұқсас бет көрсетіледі. Өтінім өрістері тізімінің үстінде өтінімнің келесі параметрлерін қамтитын «Тіркеу деректері» блогы көрсетіледі (көру режимінде):

- *Өтінім түрі* – өтінімнің тиісті түрі көрсетіледі;

- *Мәртебе* – бұл өтінімнің ағымдағы мәртебесін көрсетеді.

«Пысықтауға қайтарылды (Әкімші)», «Пысықтауға қайтарылды (Сарапшы)» және «Кері қайтарылды» мәртебелері үшін мәртебесі бар жолда өрістетілетін мәтін түрінде белгіше пайда болады, оған жүгінген кезде, жүйе ЖЖОКБҰ ББ төлқұжатын пысықтауға немесе кері қайтаруға жіберген кезде көрсетілген негіздеменің мәтінін ашады. Белгішеге қайта жүгінген

кезде, мәтін бүктелуі керек.

- *Мәртебе берілген күн* – өтінімнің ағымдағы мәртебесін беру күні мен уақыты.
- *Пысықтаудың аяқталу күні* – сарапшының / әкімшінің ескертулері бойынша ЖЖОКБҰ пысықтаудың аяқталу күні («Пысықтауға қайтарылды (Әкімші)», «Пысықтауға қайтарылды (сарапшы)» мәртебелері үшін);
- *Жіберуші* – өтінім мәртебесін беру бойынша соңғы әрекетке бастамашы болған пайдаланушының (ЖЖОКБҰ өкілінің) Т.А.Ә.

Өтінім мәртебесіне сәйкес өтінімді редакциялауға қол жеткізуге болады:

Әкімшінің қарастырылуына өтінімді сақтау және жіберу мүмкіндігімен нысан өрістерін редакциялауға толық қол жетімділік – «сақталған, бірақ жіберілмеген» мәртебесі. Келесі параметрлер бойынша ЖББП АЖ-не өзгерістер енгізу мүмкін емес, өйткені осы параметрлер бойынша деректер ЖЖОКБҰ өкілінің жүйесінен тартылады:

- Білім беру бағдарламасы;
- Оқу жоспары;
- ББ түрі;
- Айрықша ерекшеліктер.

Әкімшінің қарастырылуына редакцияланған өтінімді сақтау және жіберу мүмкіндігімен өтінім нысанының өрістерін редакциялауға ішінара қол жеткізу – «Пысықтауға қайтарылды (Әкімші)», «Пысықтауға қайтарылды (Сарапшы)» мәртебелері. Редакцияланған өтінімді қайта қарауға жіберген кезде оған «Пысықталды» мәртебесі беріледі, егер түсініктеме берілсе, «Пысықталды (түсіндірулермен)» мәртебесі беріледі;

Нысан өрістерін редакциялауға шектелген қол жетімділік (көру режимі) – «Қарастырылуда», «Сараптама», «Пысықталды», «Пысықталды (түсіндірулермен)», «Сараптама аяқталды», «Комиссияның шешіміне жіберілді», «Комиссияның шешіміне қайта жіберілді», «Мақұлданды», «Кері қайтарылды (Әкімші)», «Кері қайтарылды (Сарапшы)» мәртебелері.

***Ескертпе:** Әкімші Тізілімге ЖЖОКБҰ ББ енгізгеннен кейін, жүйе ЖЖОКБҰ АЖ интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы берілген ББ «Тізілімге ББ енгізілді» тиісті мәртебесін береді.*

### **3.2 «Білім беру бағдарламалар Тізілімі» бөлімі**

Бұл модуль Тізілімге енгізілген ЖЖОКБҰ ББ төлқұжаттарын көруге арналған. Тізімде авторизацияланған пайдаланушы жататын ЖЖОКБҰ ББ көрсетіледі.

Пайдаланушы рөліне «Білім беру бағдарламаларының Тізілімі (ЖЖОКБҰ өкілі)» модулін қосқан жағдайда негізгі мәзір тізімінде «ББ Тізілімі» модулі қолжетімді болуы тиіс, оған жүгінген кезде «Білім беру бағдарламаларының Тізілімі» кіші модулі бар ашылмалы тізім ашылады. Кіші модульдің атауына өту кезінде модульдің негізгі беті ашылады. Бұл бетте Тізілімге енгізілген ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының төлқұжаттарын көру үшін қол жетімді.

ЖЖОКБҰ ББ төлқұжаттары Тізілімдегі ББ төлқұжаттарының мәртебесіне байланысты кесте түрінде көрсетіледі. «Енгізілген ББ» («Мәртебе» өрісі) мәнін таңдаған жағдайда, ББ төлқұжаттары төмендегі бағандар бойынша көрсетіледі:

- *Білім беру бағдарламасының атауы* – Тізілімге енгізілген ЖЖОКБҰ ББ атауы. Өріс ББ төлқұжатын көру бетіне көшуді бастайтын белсенді сілтеме түрінде жүзеге асырылады;
- *ББ түрі* – ЖЖОКБҰ ББ төлқұжаты нысанында көрсетілген ББ тиісті түрі;
- *Мәртебе* – білім беру бағдарламасының ағымдағы мәртебесі (Енгізілген ББ / Жаңартылған ББ / Алып тасталған ББ);
- *Тізілімге тіркеудің күні* – Әкімшінің берілген ББ Тізілімге енгізілген күні;
- *ББ төлқұжатын жаңарту күні* – берілген ББ төлқұжатын Тізілімде соңғы жаңарту күні, яғни Әкімшінің «Тізілімде ББ жаңарту» түрі бойынша соңғы өтінімді растау күні/уақыты. Егер берілген ББ бойынша «Тізілімде ББ жаңарту» түрі бойынша өтінім болмаса, бұл өрісте сызықша («—») көрсетіледі.

«Алып тасталған ББ» («Мәртебе» өрісі) мәнін таңдаған жағдайда ББ төлқұжаты төмендегі бағандар бойынша көрсетіледі:

- *Білім беру бағдарламасының атауы* – Тізілімге енгізілген ЖЖОКБҰ ББ атауы. Өріс ББ төлқұжатын көру бетіне көшуді бастайтын белсенді сілтеме түрінде жүзеге асырылады;

- *ББ түрі* – ЖЖОКБҰ ББ төлқұжаты нысанында көрсетілген ББ тиісті түрі;

- *Мәртебе* – білім беру бағдарламасының ағымдағы мәртебесі.

- *Тізілімге тіркеудің күні* – Әкімшінің берілген ББ Тізілімге енгізген күні.

- *Тізілімнен алып тастау күні* – берілген ББ төлқұжатын Тізілімнен алып тастау күні, яғни Әкімшінің «Тізілімнен ББ алып тастау» түрі бойынша өтінімді растау күні немесе Әкімшінің ББ дербес алып тастау күні.

Жазбаларды сұрыптау үшін іздеу сүзгісі келесі параметрлер бойынша берілген:

- *Іздеу* – енгізілген символдар бойынша білім беру бағдарламаларының атауы арқылы іздеу мүмкіндігі;

- *Білім деңгейі* – білім деңгейлерінің тізімін қамтитын тізімдік өріс;

- *Білім саласы* – білім салаларының тізімін қамтитын тізімдік өріс;

- *Дайындық бағыты* – дайындық бағыттарының тізімін қамтитын тізімдік өріс;

- *Білім беру бағдарламаларының тобы* – Білім беру бағдарламалары тобының тізімін қамтитын тізімдік өріс;

- *Тізілімге тіркеудің күні* – «бастап» және «дейін» күндер кезеңін енгізу. Тізілімге ББ енгізу күні, яғни «Тізілімге енгізу» әрекетін растау күні ескеріледі;

- *Пәнаралық ББ* – жалауша өрісі, осы параметрді белгілеген кезде жүйе пәнаралық білім беру бағдарламаларын көрсетеді.

Әрі қарай, «Кеңейтілген іздеу» белгі қойылған кезде, қосымша іздеу сүзгісі өрістерінің келесі тізімі кеңейтіледі:

- *ББ түрі* – мәндері бар анықтамалық (әдепкі қалпы бойынша - барлығы):

- a) *Қолданыстағы ББ;*

- b) *Жаңа ББ;*

- c) *Инновациялық ББ.*

- *Мәртебе* – мәндері бар тізімдік өріс:

- a) *Енгізілген ББ* – білім беру бағдарламалары Тізіліміне енгізілген ББ. Әдепкі қалпы бойынша.

- b) *Жаңартылған ББ* – білім беру бағдарламалары Тізілімінде жаңартылған ББ. Әдепкі қалпы бойынша.

- c) *Алып тасталған ББ* – білім беру бағдарламалары Тізілімінен алып тасталған ББ.

- d) *Оқыту тілі* – бірнеше мәндерді таңдау мүмкіндігі бар тізімдік өріс. Бұл өрісте берілген ББ қандай оқыту тілдерін қамтитынын көрсету қажет.

- *ББ түрі* – мәндері бар тізімдік өрісі:

- a) *Жобалық ББ* – осы мәнді таңдаған кезде, басқа іздеу өрістеріндегі таңдалған мәндерді ескере отырып, карточкаларында «Жобалық ББ» өрісі белгіленген өтінімдер көрсетіледі;

- b) *Жобалық ББ қатысушылары* – осы мәнді таңдаған кезде, басқа іздеу өрістеріндегі таңдалған мәндерді ескере отырып, карточкаларында «Жобалық ББ қатысушысы» өрісі белгіленген өтінімдер көрсетіледі;

- c) *Барлығы* – осы мәнді таңдаған кезде, басқа іздеу өрістеріндегі таңдалған мәндерді ескере отырып, барлық өтінімдер көрсетіледі.

- *Кадрлардың дайындық бағыты лицензиясына қосымшаның бар болуы* – лицензияға қосымшаның бар болуына арналған тізім:

- a) *Иә;*

- b) *Жоқ;*

- c) *Барлығы* – осы мәнді таңдаған кезде жүйе лицензияға қосымшасы бар және жоқ барлық өтінімдерді көрсетеді;

- *ББ бойынша кәсіптік стандарт* – кәсіптік стандарттың бар болуына тізімді

көрсетеді:

a) Жоқ;

b) Иә - ББ белгілі бір кәсіптік стандарттарға сәйкес болған кезде, бекітілген кәсіптік стандарттардың ұсынылған анықтамалығынан таңдау жасау қажет;

c) Барлығы – осы мәнді таңдаған кезде жүйе барлық өтінімдерді көрсетеді;

• Айрықша ерекшеліктері – мәндері бар тізім (әдепкі қалпы бойынша - барлығы):

a) екі дипломды ББ;

b) бірлескен ББ;

c) жоқ;

• ББ аккредиттеуінің бар болуы – мәндері бар тізім (әдепкі қалпы бойынша - барлығы):

a) Иә;

b) Жоқ;

ББ атауы сілтемесі бойынша ауысқан кезде ЖЖОКБҰ ББ төлқұжатын көру беті көрсетіледі.